

## Қазақстан Республикасында ұлттық лотерея ұйымдастыру және өкітзу жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 қарашадағы N 3223 Өкімі . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2005.05.16 N 1573 Жарлығымен

1. Қазақстан Республикасының ұлттық лотереясын ұйымдастыру және өткізу жөнінде кеңес құрылсын (құрамы қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Осы өкімге қол қойылған күннен бастап он күн мерзімде Қазақстан Республикасының ұлттық лотереясын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі кеңес туралы Ережені бекітетін болсын;

2) ұлттық лотерея туралы Ережені әзірлеп, бекітсін;

3) мынадай тәртіп белгілесін, соған сәйкес лотереяларды (мемлекеттік лотереялардан өзгелерін) ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтің лицензиары Қазақстан Республикасының Үкіметі болады, ал шет мемлекеттер лотереяларын Қазақстан Республикасының аумағында тарату Ұлттық лотереяны ұйымдастыру және өткізу жөніндегі кеңеспен оларды тарату шарттары келісілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады;

4) осы өкімге қол қойылған күннен бастап үш ай мерзімде Қазақстан Республикасының аумағында лотереялар өткізу шарттарын қайта қарасын және Қазақстан Республикасының аумағында лотереяларды (мемлекеттік лотереялардан өзгерлерін) өткізу құқығына лицензиялар беру тәртібі туралы Е р е ж е н і б е к і т с і н ;

5) ұлттық лотереяның лотерея билеттерін сатудан алынған қаражат, ұтыстарды төлеуге, лотереяны өткізуге байланысты шығыстарды өтеуге арналған қаражатты қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен Ақмола қаласын абаттандыру мен дамытуға және Пенсия қорына жіберіледі деп б е л г і л е н с і н ;

6) тиісті лицензияларсыз лотереялар өткізуден түскен табыстардың бюджеттен тыс "Жаңа астана" қорына алынуын, сондай-ақ ұлттық лотереяны ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешім қабылдануына байланысты салық, кеден және өзге де заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуін көздейтін заң жобасын Парламенттің қарауына енгізісін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары ұлттық лотереяны ұйымдастыруға және өткізуге жан-жақты жәрдем жасайтын болсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы

Президентінің

1996 жылғы 18 қарашадағы

№ 3223 өкіміне

қосымша

**Қазақстан Республикасының ұлттық лотереясын  
Ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі кеңестің  
ҚҰРАМЫ**

НИ. В.В. - Кеңес төрағасы

Ертілесова Ж.Д. - Кеңес төрағасының орынбасары

Тимкин М.И. - Кеңес төрағасының орынбасары

Кеңес мүшелері:

Әбілғазин Д.Р.

Әйімбетов С.С.

Дәмитов Қ.Қ.

Нұрғалиева Е.Н.

Сағдиев М.Р.

Шадиев К.К.